



Орал қаласы



Бұл қаланың таңбасы,
еліміздің елтаңбасымен
тікелей ұқсас болып келеді.

Қала тарихы

Орал қаласының орнында бұдан бірнеше мың жыл бұрын скиф, ғұн, авар, печенег және қыпшақ тайпаларының мекен-тұрақтары болған. Бұл тайпалардың көсемдері мен жауынгерлері жерленген шағын қорымдар мен қорғандар қазір де кездеседі.

- 17 ғасырдың 1-ширегінде Ноғай хандығымен шекарада шағын әскери бекініс-тірек ретінде Жайық қалашығы салынды. Жайық қалашығы II Екатеринаның 1775 жылы 15 қаңтардағы жарлығымен “**Орал қаласы**”, ал оның тұрғындары “**Орал казактары**” болып аталды.
- Қала бірнеше рет (1739, 1751, 1821, 1879) өртке ұшырады. Сырым Датұлы бастаған (1783 – 1797) халық көтерілісі, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары Орал қаласы мен Жайық өңіріне ерекше із қалдырды. 1846 ж. қалаға айрықша құқықтар беріліп, үлкен қалалар санатына қосылды.
- 1869 ж. Орал облысы құрылып, қала облыс орталығына айналды. Қала тарихында социалды-демократиялық үйірменің құрылуы (1902), 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс (С.Меңдешев, Ә. Әйтиев, т.б.), Кеңес өкіметінің орнауы (1918 ж. 3 қаңтарда), ақ казактарға қарсы Орал қорғанысы (1919 ж., сәуір – шілде, М.Фрунзе), т.б. елеулі оқиғалар болып өтті. 1919 ж. 1-сәуірде Оралда Жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары кеңестерінің 1-сайлауы өтті. **1920 ж. Орал губерниясы қалаға айналды.** Кеңес өкіметі жылдарында Оралдың экономикасы жедел қарқынмен дамып, республикадағы ірі өнеркәсіп орталықтарының біріне айналды


Жалпы мәлімет

□ Тұрғыны 273 359 адам (2014). Қалалық мәслихатқа қарайтын жерінің аумағы 0,7 мың км². Қалаға ірілі-ұсақты 16 елді мекен қарайды, ал жалпы халық саны 278 086 адам (2014) Бүгінгі күні Орал қаласы – Қазақстандағы ірі мәдени-экономикалық орталықтардың бірі. Қаладағы ірі кәсіпорындар: “Зенит” зауыты, “Омега”, “Металлист”, Орал механикалық зауыты, Орал арматура зауыты, Орал полипласт зауыты өндірістік кәсіпорны, “Аяз” ЖШС және республикалық мемлекеттік “Орал мемлекеттік ауыл шаруашылық стансасы” кәсіпорны. Бұлардан басқа облыстық дәрежедегі нан комбинаты, жылу, жарық, газ кәсіпорындары жұмыс істейді. Қалада 2 мәдениет үйі, 18 кітапхана, Киров саябағы, 3 музей, 2 театр, филармония, көрме залы, 46 мектеп, 3 жоғары оқу орны мен 3 бөлімше бар (2000). Сондай-ақ, 35 қазыналық емдеу мекемесі жұмыс істейді. Оралда Батыс Қазақстан темір жол жүк тасымалының Орал бөлімшесі орналасқан. Қала Жайық бойындағы ірі өзен айлағы саналады. 18 ғасырда салынған сәулет ескерткіштері сақталған


Ауыл шаруашылығы

- Қаланың аграрлық секторында 58 ауыл шаруашылық құрылымдар бар, соның ішінде – 1 мемлекеттік кәсіпорын(сортты сынау бойынша инспектура), 12 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 36 шаруа қожалығы және 9 басқа да жер пайдаланушылар жұмыс істейді. Ауыл шаруашылық құрылымдарының негізгі бағыты, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және соның тек қана 12%-ы қосымша мал шаруашылығымен айналысады
- Мал шаруашылық өнімдерін өндіру көлемі тұрғындардың шаруашылық үлесіне басым болып отыр. Мәселен, 2016 жылғы ірі қара малын сату 93,9%, сүт өндіру–102,6% құрап отыр. Жұмыртқа өндіру көлемінің 103,6% негізгі үлесті «Орал құс фабрикасы» ЖШС ауыл шаруашылық кәсіпорыны алады
- Тұрғындарды қыс мезгілінде көкөністермен қамтамасыз ету мақсатында Орал қаласында жалпы көлемі 27,5 мың шаршы метр болатын 8 жылыжай шаруашылығы жұмыс істейді.

Шағын кәсіпкерліктің даму көрсеткіші



Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау



- Жұмыссыздар
- Еңбекке орналасқаны
- Қоғамдық жұмысқа бағытталғаны
- Оқуға жолданғаны

ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК АҚЫ 2016 ЖЫЛ ҮШІН

- Тіркелген жұмыссыздар саны **640** адамды құрайды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2% өсіп отыр.
- Есепті мерзімде 3419 жұмыссыз жұмысқа орналастырылды, былтырғы жылға 144,3% құрап отыр.
- Қоғамдық жұмыстарға -1556 адам тартылды, былтырғы жылға 96% құрап отыр.
- Оның ішінде: саудада - 978, ауыл шаруашылығында-58, өнеркәсіптікте-154, көлік және байланыста-36, білім саласында-48, деңсаулық саласында – 97, коммуналдық шаруашылық саласында – 729, басқаларда-162, уақытша жұмыста-1810 адам.
- Бір жұмысшының есепті кезеңінде орташа еңбек ақысы 108759 теңге құрады, былтырғы жылға 112,8%.
- Ең төмен еңбек ақы ауыл шаруашылығы және білім салаларында орын алды, сәйкесінше 76666 теңге (107,8%) және 83254 теңгені (119,1%) құрады.

Орал қаласында болған көрнекті адамдар

- А.С. Пушкин,
В.А. Жуковский,
В.И. Даль,
В.Г. Короленко,
М.А. Шолохов, т.б. болды.
Сондай-ақ, көрнекті қазақ қаламгерлері
С.Сейфуллин,
Х.Есенжанов,
Т.Жароков,
І.Аманжолов, т.б.
өмірінің біраз кезеңдерін Орал қаласында өткізген

A decorative blue ribbon with several small orange and pink flowers and blue floral sprays is positioned in the upper left corner of the image.

**Назарларыңызға
рахмет!**

